Мерей ауылдық округі Аққайнар елді-мекенінің жергілікті қауымдастық жиналысының
№8 хаттамасы

Аққайнар ауылы **3 қараша 2025 жыл**

Төрағасы: О.Зиргиров
Хатшы: Д.Қуанышева
Жиналыс мүшелерінің саны: 3 адам
Жүргізеді:
Аққайнар елді-мекенінің жергілікті қауымдастық төрағасы – О.Зиргиров

Бүгінгі жиналыска жергілікті қоғамдастық мүшелерінен 3 адам (тізімі жалғанады) қатысып отыр. Жиналысты өткізуге жергілікті қоғамдастық мүшелерінің саны жеткілікті. (Жергілікті қауымдастық мүшелері және ауылдық округ әкімі аппаратының қызметкерлері).

Күн тәртібі:

Аққайнар елді мекенінің қатты тұрмыстық қалдықтар алаңын жинау.
(Хабарламашы – З.Магзомов Мерей ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы)

Дауыска қоямын.

- қарсы – жоқ.
- қалыс қалған – жоқ.
- қолдайды – 3 адам.

Барлықтарыңыз бір ауыздан ұсынысымды қолдап, қабылдадыңыздар олай болса күн тәртібі бекітілді. Сөз сөйлеймін деушілер болса рұқсат.

Сөйлеушілер:

1. **Мерей ауылдық округінің ардагерлер кеңесінің төрағасы З.Магзомов:**

- 2025 жылға Аққайнар елді мекенінің қатты тұрмыстық қалдықтар алаңын жинау жұмыстары жоспарда тұр. Аққайнар тұрғындары ұсынысымен, тәжірибиесі мол жергілікті «M-PROEKT SERVIS» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алу порталымен «Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден» сатып алу тәсілі арқылы шақырту жіберуді қалаймыз.

2. ауыл тұрғыны С.Аубакиров:

- «Таза Қазақстан» экологиялық тазалық туралы айтып жатыр. Біздің ауылдың свалкасын жинақтау қажет. Бір ретке келтіріп берсе жақсы

болады. Буртавания жасаса дұрыс болады. 2026 жылға орын босатып қою керек. Ауа райы мүмкіндік беріп тұрғанда жасап кетсе дұрыс болар еді.

Сөйлеушілер болмаса шешім қабылдансын:
Аққайнар елді-мекенінің жергілікті қауымдастық жиналысының шешімі:
Жоғарыда айтылғандарды тыңдап, бірауыздан шешім қабылдансын.
«M-PROEKT SERVIS» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алу порталымен «Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздерден» сатып алу тәсілі арқылы шақырту.

Даусқа қоямын.

- қарсы – жоқ.
- қалыс қалған – жоқ.
- қолдайды – 3 адам.

Жиналыс шешімі бір ауыздан қабылданды. Олай болса Аққайнар елді-мекенінің жергілікті қоғамдастық жиналысын жабық деп жариялаймын.

Жиналыс төрағасы **О.Зиргиров**

Жиналыс хатшысы **Д.Қуанышева**